

М.Т. Қошанова¹

Л.Н. Навий²

Ж.Т. Қошанова³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан

³М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл, Қазақстан

(E-mail: marash.koshanova70@mail.ru, liza281073@mail.ru, zhazira29092009@mail.ru)

Студенттердің креативтілігін қалыптастыруда медиатехнологияларды пайдаланудың ерекшеліктері

Аңдатпа. Мақалада оқу-тәрбие үдерісінің сапасын жақсартуда медиаресурстарды пайдалану арқылы студенттерде креативтілікті қалыптастырудың мәселелері қарастырылады. Зерттеу жұмысы психологиялық-педагогикалық бағытта болашақ маманның медиамәтіндерді медиабілім беру арқылы қабылдау үдерісінде проблемалық, құрылымдық медиақабылдау деңгейлері негізінде креативтілікті қалыптастыру мүмкіндіктерін анықтауды көздейді. Бұл мәселе қазіргі таңда медиамәдениеттің білім беру үдерісіндегі маманның: эмоциялық, зеректілік, дербес шығармашылық іс-әрекет арқылы креативтілік, дүниетаным, эстетикалық сана-сезімдерін дәстүрлі пәндерді оқу барысында меңгерген білімдерін пайдаланып оны жетілдірудің арақатынасымен тығыз байланысы жөніндегі мәліметтерді саралауға мүмкіндік береді.

Мақалада педагог-психологтерді мамандықтарына кәсіби даярлау үшін университет қабырғасында медиатехнологияларды пайдалану арқылы инновациялық білім беру технологиясына сәйкес жүзеге асыру мәселесі зерделенеді. Сонымен қатар, медиамәтіндердің: терапевтік, компенсаторлық, рекреациялық, эстетикалық, когнитивті (танымдық), ақпараттық, коммуникативтік, адамгершілік, әлеуметтік функцияларын қолдану факторларын анықтаудың нақты жолдары ұсынылады.

Түйінді сөздер: медиабілім, медиақабылдау, «медиаашындық», медиатехнологиялар, медиамәдениет, медиамәдениет туындылары, медиамәтіндерге қатысты қабылдау мен бағалау, студенттердің креативтілік қабілеттері.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-138-1-61-74>

Кіріспе.

Медиамәдениеттің әлеуетті мүмкіндіктері қазіргі таңдағы көркемдік тәрбие үрдісі мен ЖОО-ның білім үдерісінде адамның дербес даму мүмкіндіктерінің ерекшелігімен анықталады. Оларға: эмоциялар, зияткерлік, дербес шығармашылық ойлау, дүниетаным, студенттердің гуманитарлық цикл пәндерін оқу ба-

рысындағы білімдерінің белсенділігі, эстетикалық сананы жатқызамыз.

Дәстүрлі оқыту үдерісінің барлық бөліктерінің бірігуі аудиторияның аудиовизуалды медиамен байланысының ерекшелігі, яғни, аудиовизуалды жиынтықтар, кеңістіктік-уақыттық кинематография, теледидар, бейнематериалдар. Медиатехнологияларды пайдалану арқылы тұлға дамуының қажеттіліктерін

ғана емес, сонымен қатар болашақ маманның алдағы сабақ өткізу әдістері мен формаларын тиімді түрде қолдануға бейімдейді.

Соңғы жылдары отандық жоғары оқу орындары «Педагог-психолог» мамандығының түлектеріне еңбек нарығының жаңа талаптарының пайда болуына байланысты оларға елеулі өзгерістер енгізіп отыр. Соның бірі – ақпараттандыру және онымен тығыз байланысты білім беруді телекоммуникациялық технологиялармен қамтамасыздандыру. Білім беру іс-әрекетінің барлық түрлерінің тиімділігін арттыру үшін болашақ педагог-психологтердің медиатеchnологияларды пайдалануда креативтілікті қалыптастыру мәселесін зерттеуге болады. Себебі білім беру үдерісінің талаптарының бірі – «креативтілік» болып есептеледі. Жедел дамыған ортаның жағдайына байланысты медиатеchnологияларды пайдалануда креативтілікті қалыптастыруда педагог-психологтердің негізгі кәсіби сапасы ретінде қарастыру қажет. Сондықтан, педагог-психологтердің кәсіби деңгейінің жетістігі, дер кезінде тиімді өзіндік шешімдер мен жаңа жағдайларға бейімделген қасиетінің жүзеге асырылуы болып саналады.

Болашақ педагог-психологтердің креативтілігін қалыптастыруда әлеуметтік-экономикалық және психологиялық-педагогикалық міндеттер кешенін медиатеchnологияларды пайдалану арқылы кәсіпке бейімдеу қазіргі заманғы әлеуметтік институттардың ғылыми-практикалық қызметінің тұтас жүйесі. Бұл талаптар Мемлекеттік білім беру стандартында көрініс тапты, сонымен қатар жоғары оқу орындарының білім беру саласындағы педагогикалық-психологиялық зерттеулердің бағыты айқындалып, онда дәстүрлі оқытудан тәжірибеге бағытталған педагогикалық жүйенің құқықтық жағдайлары анықталды.

Сонымен қатар еліміздегі «Қазақстан-2030» стратегиялық даму бағдарламасында білім мен ғылым қазіргі қоғамның болашақ дамуының ең маңызды факторларының бірі деп анықталған. Себебі білім мен ғылымсыз қоғамның алдында тұрған ешбір мүдде-мұраттардың орындалуы мүмкін еместігі белгілі. Сәйкесінше, «Қазақстан-2030» стратегиялық

даму бағдарламасының негізгі ұстанымдарының бірі болып «кадрларды жалдау, даярлау, жоғарылату жүйесін жақсарту» саналады [1, б. 76]. Осыған орай, мемлекет аталған стратегиялық жоспарды жүзеге асыру жолында елдің қоғамдық өмірінің барлық салаларына кәсіби деңгейі жоғары маман кадрларды дайындауды басты мақсаты етіп қойды. Жас ұрпақ өкілдерінен Қазақстан мен қазақстандық халықтың мүддесін өз мақсат-мүддесінен жоғары қоятын білімді, саналы кәсіби деңгейі жоғары мамандарды әзірлеу – мемлекеттің мемлекеттік маңызы зор мәселелерінің бірі. Бұл ретте елімізде жаппай мамандық беру емес, негізінен қоғам талабына қажетті мамандар даярлау бүгінгі күннің көкейтесті мәселелерінің бірі болып саналады. Ал, мұндай бағыттағы мемлекеттік саясаттың білім беру саласына да тікелей қатысы барлығы сөзсіз.

Бұл жерде, білім беру саласы мен қоғамдық-саяси құрылымның байланысының маңыздылығы байқалады. Себебі, көбінесе қоғамда жүргізіліп жатқан демократиялық өзгерістердің стратегиялық барысы нақ осы өсіп келе жатқан жастардың білімінің сапасымен, әлеуметтік санасы мен мінез-құлқының деңгейімен, әлеуметтік тұрғыдағы сауаттылығымен және жоғары белсенділігінің дәрежесімен өлшенетіні белгілі.

Сондықтан оқу барысында қажетті білім берумен қатар, студенттердің креативтілік қабілеттерінің белсенділігін қалыптастырып, олардың өз еркімен білім алуға және бүкіл өмір бойы алған білімдерін қайта саралауға талпындыру керек [2, б. 4]. Себебі, болашақ маман ақпарат заманында медиатеchnологияларды пайдалана отырып мақсатты түрде жасалған іс-әрекеттерді қамтитын білім мен іскерлікті жүзеге асырады.

Психиканың барлық саласының қалыптасуы адамның белсенді қызметі өрістетуіне мүмкіндік береді. Бұл үдерісте ол, бір жағынан, өзінің іскерлігі мен қабілетін нығайтып, жетілдіреді, жаңа дағдыларды меңгереді, екінші жағынан, материалдық, рухани байлықтар жасап, сол арқылы жалпы адамзат мәдениетіне өз үлесін қосады. Осыған орай, қазіргі заманда, медиа білімді шығармашылықпен қолданудың маңызы зор [3, б. 3].

Медиа және медиабілім мәселелеріне арналған алыс, жақын шетел және отандық еңбектерді талдай отырып, біз олардың моделдерінің, әдістерінің құрылымында көптеген ортақ дүниелердің бар екендігін дәлелдеуге болады. Алайда, оларды талдауды бастау үшін, ең біріншіден, медиақабылдау, бағалау, жастар аудиториясының мәселесімен байланысты сұрақтарды түсініп алу керек. Бұл мәселені талдамай тұрып, медиабілім беру моделін аудиторияның нақты жас, психологиялық ерекшеліктеріне бағыттау қиындық тудырады.

Осыған байланысты, медиақабылдауды талдау және критерийлердің нұсқамасын анықтау, көркемдік даму деңгейлері мен медиақабылдаудың қажеттілігі туып отыр. Сонымен қатар, біз медиақабылдауды («mediation», «perception of media») аудиовизуалды, кеңістік-уақыт бейнесінде көрсетілген медиамәтіндердегі авторлардың сезімдері мен ойлары, «медиаашындық» қабылдауы деп түсінеміз.

Зерттеу әдістері.

Креативтілік жөнінде жазылған психологиялық-педагогикалық еңбектерде, заманауи ғылымның ілкі бастауында қалыптасқан екі негізгі бағытқа тоқталуға болады. Атап айтсақ, біріншіден, креативтілікті жалпы психологиялық, әдіснамалық жағынан; шығармашылықтың психологиядағы әдіснамалық негіздері тұрғысынан, креативтілікті диагностикалаудың әдістері тарапынан, шығармашылыққа қатысты жалпы психологиялық теорияларды меңгерту бойынша әрекет; шығармашылық қызмет заңдылықтарының механизмдері [4, б. 182-195].

Екінші бағыт: креативтілікті зерттеу жұмыстары тұлғаның шығармашылық қызметке байланысты қарым-қатынастарын, қабілеттерін анықтау мен сипаттауға байланысты П.И.Пидкасистый мен В.А.Сластениннің еңбектері негізге алынады.

Медиабілім беру арқылы, креативтілікті қалыптастыруда студенттердің ақпараттық сауаттылығы мен құзыреттілігін меңгерту

әр түрлі бағытта зерттеліп қарастырылғаны белгілі. Медиабілім мәселелерін қарастырған бірқатар ғалымдарға тоқталсақ: А.В.Федоров [5], медиабілім берудің тарихы А.А.Новикова [6], баспасөз материалдары негізіндегі медиабілім Я.Н.Засурский Я.Н. [7], Е.В. Мурюкина [8], ал, оқытуда экрандық құралдарды қолдану ісі туралы Н.В.Змановская [9], телекөрсетілім және видео С.Н.Пензин [10] т.б. Сонымен қатар, болашақ мамандарға медиабілім беру бағытында маңызды зерттеу жұмыстары жүргізген шетел ғалымдары да L.Masterman [11], D.Buckingham [12], U.Carlsson [13] т.б.

Қазақстандық ғалымдар: болашақ мұғалімдерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәрбие үрдісіне дайындаудың ғылыми-теориялық негіздері – П.Б.Сейітқазы [14]; студенттердің кәсіптік ақпараттық бағыттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері – М.С.Мәлібекова [15]; болашақ мұғалімдерді ақпараттық-компьютерлік, математикалық модельдеу негізінде кәсіби дайындау жүйесі – Б.Д.Сыдықов [16]; болашақ педагог-психологтардың сыни ойлауын дамытуда медиа-ресурстарды пайдаланудың ғылыми-тәжірибелік негіздері – А.А.Ташетов [17]; ашық білім беру кеңістігінде студенттердің ақпараттық технологияларды пайдаланудың ғылыми-педагогикалық негіздері – Ғ.Б.Саржанова [18]; жоғары оқу орындарындағы медиабілім мазмұнын дайындаудың ғылыми негіздері – А.К.Абдиркенова [19] және т.б.

Жоғарыда қарастырған зерттеулерден көріп отырғанымыздай, креативтілікті медиатехнологиялар арқылы арттыру туралы еңбектер жеткіліксіз.

Зерттеу тақырыбына байланысты креативтілікті қалыптастыруға арналған ғылыми-тәжірибелік зерттеулерді талдай отырып, креативтілікке тән факторларды айқындауға болады. Олар: икемділігі, нақтылығы, мәселелерді сезгіштік, оларды шешу кезіндегі бірегейлік, тапқырлық, сындарлық. Осыған орай, медиамәдениет аймағында қабылдауды талдау және аудиторияның даму деңгейлерінің көрсеткіштеріне әр түрлі нұсқама қажет. Сондықтан, білімгерлерге өз қажеттілігіне орай медиатехнологияларды тиімді қолдана

отырып креативтіліктерін қалыптастыруға көмектесуді мақсат ретінде қарастырып отырмыз.

Талқылау.

Қазіргі таңдағы зерттеулерде жастар аудиториясының мәдени даму көрсеткіштеріне арналған көптеген нұсқалар бар. Біздің ойымызша, оларды былайша жіктеуге болады:

- сипаттамаларының жиілік пен сапаларының байланысының көрсеткіші (яғни, жаңа ағынға бейімделу дағдысы, мысалы, медиаөнім), мәдениет туындыларына (мысалы, әр түрлі медиамәтіндер);

- мотивтер жиынтығының көрсеткіштері (ақпараттық-танымдық, адамгершілік-дүниетанымдық, эмоционалды-эстетикалық) медиамәдениет туындыларына сілтемелер;

- негізге алынған немесе басқа да шығармалар мәдениетінің теориясы мен тарихы аймағында анықталатын білімдерінің көрсеткіштері;

- бағалау көрсеткіштеріне байланысты көрсеткіштер – эстетикалық бағалалаудың сипаттамалары, көркемдік талғам дамуының деңгейі. Мысалы, Ю.Н.Усов [20] экран өнері материалына сүйене отырып бағалауда ескерілетін шарттарды ұсынады: құндылығы, медиамәтіндерді адекватты қабылдау, аудиторияның аудиовизуалды ойлау қабілеті, баяндаудың кеңістіктік-уақыттық түрін талдау және синтездеу, кейіпкер мен автордың ойына ортақтасу, эмоционалды бейнелік есте сақтауы, бақылампаздық, қайта жасау қиялы, авторлық тұжырымдаманы меңгеру және ұғыну, шығарманың көркемөнер құрылымы;

- әр түрлі іс-әрекеттің түрлерінде (танымдық, зерттеушілік, көркемдік) шығармашылық бастаудың (фантазия, қиял, интуиция) көрсеткіштерінің болуы.

Осылайша, студенттердің медиамәдениетке көзқарасының дамуын төменде берілген көрсеткіштер арқылы анықтауға болады:

- «түсініктілік» (медиамәтіннің тарихы мен теориясын, нақты медиамәтіндерді білу;

- «сенсорлық» (медиа ақпаратпен байланысының жиілігі, ағынға бейімделе білуі

яғни, ұнаған жанрды, тақырыпты және т.б. таңдай білу);

- «мотивациялық» (З.Фрейд, К.Хорни, Г.Олпорт, Э.Фромм және басқалардың эмоционалды, гносеологиялық, гедонистік, адамгершілік, медиамәдениетпен байланыстағы эстетикалық мотивтер);

- «бағалау» немесе «интерпретациялық (қабылдау деңгейі, аудиовизуалды ойлау қабілеті, медиамәтіндерді баяндаудың кеңістіктік-уақыттық формасын талдау және синтездеу, кейіпкер мен авторды «теңдестіру», шығарманың құрылымының контекстіндегі автордың тұжырымдамасын түсіну және бағалау);

- «креативтілік» (медиамаериалдарды іс-әрекеттің әр түрлі аспектілерінде, ең біріншіден, перцептивтілік, көркемдік, зерттеу, практикалық, ойын және т.б.шығармашылық бастауының деңгейі).

Осынадай жағдайды ескере отырып «бағалау» көрсеткішін үш белгілері бойынша толығырақ былайша түйіндеуге болады: жоғары (Ж), орташа (О), төмен (Т):

- эмоционалды түрде қосылған: медиамәтіндердің сипаттамасы беріледі: олар, тұтас (Ж), дәлсіздік (О), ұғынбаушылық (Т);

- пікірлердің эмоционалды түрде белсенділігі: бейнелік, сөздің ашықтығы (Ж), пікірдің формалдігі (О), оқытушының көмегімен пайымдау (Т);

- бағалау сезімінің дамығандығы: медиамәтіннің бейнелерін есте сақтау қабілеті (Ж), оларды жартылай сақтау (О), үстірт (Т);

- медиамәтіндерді талдау мүмкіндігі: толық (Ж), жартылай (О), формально (Т);

- медиамәтіндердің бейнелерін қабылдағанда сүйенетін бейнелік ойлау: еркін (Ж), жартылай (О), стихиялық(Т);

- бағаны қою үшін медиамәдениет туындыларымен қарым-қатынастың жеткілікті нормаларын хабарлау іскерлігі: медиамәтінді толық бағалауға кіретін компоненттерді талдау мүмкіндігі (Ж), барлық компоненттерді қолданбайды (О), компоненттерді жартылай қолданады (О);

- медиамәтінге жаңаша деңгейде және басқа формада бағалау пайымдауын көрсету: әрқашан (Ж), жиі (О), сирек (Т);

Кесте 1

Медиақабылдау деңгейлерінің жіктелуі

№	Медиақабылдау деңгейлері	Медиақабылдау деңгейлерінің көрсеткіштері
1	Алғашқы ұқсастыру деңгейі (түрлері: «төмен», «фабулді», «ең жеңіл», «аңқау реалист», «қарапайым», «үзінді түрінде»).	Медиа ортамен эмоционалды, фабулалы баяндаумен психологиялық байланыс, яғни, медиамәтіннің оқыйғасының желісін қабылдау ерекшелігі (мысалы, фабуланың жеке эпизодтары мен көріністерін), медиамәтіннің мазмұнының іс- әрекетін ұқсастыру, ортаны ассимиляциялау (медиамәтінде және т.б. берілген шындықты эмоционалды меңгеру).
3	«Екінші ұқсастыру» деңгейі (түрлері: «төмен», «сюжетті-синтаксистік», медиамәтіндегі және т.б. «кейіпкерлермен ұқсастыру»).	Медиамәтіндегі автормен ұқсастыру. Демек, жанашырлық таныту, кейіпкердің орнына өзін қоя білу (жетекші), оның психологиясын, мотивін түсіну, медиакейіпкердің басқа да компоненттерін қабылдау (бөлшектері және т.б.).
3	«Құрама ұқсастыру» деңгейі (түрлері: «жоғары», «авторлық тұжырымдамалық», «жүйелілік», «адекватты», медиамәтіннің және т.б. «автормен ұқсастыру»).	Медиамәтіннің авторымен «алғашқы» және «екінші» ұқсастыру (көргенін интерпретациялау). Демек, медиамәтін оқиғасының желісін автордың позициясымен байланыстыру қабілеті «сюжеттің эмоционалды-мағыналық арақатынасының негізінде» болжау, «автордың дыбыстық-бейнелік ойының динамикасын» қабылдау, «көрерменнің ойы мен сезімін бейнелі жалпылау» синтезі.

Медиамадениет аймағындағы даму көрсеткіштері медиабілім берудің қолданыстағы моделдерін талдау кезінде, міндетті түрде кез-келген авторлық моделдердің негіздемесін ескеру қажет, яғни ғылымның «біріншілік идентификация» [21, б. 31-44]. Осындай факторларды және әр түрлі зерттеулерде көркемөнер мен медиақабылдаудың деңгейін классификациялау жүйесін ескере отырып, біз, кестеде көрсетілгендей қорытындылауды жөн көрдік.

Әлбетте, жоғарыда берілген классификация шартты түрде берілген. Себебі, көптеген адамдарда (мысалы, студенттер) «алғашқы ұқсастыру» ашық байқалған жағдайда, басқа деңгейлері дамымаған, «оралған» күйде байқалады.

Көптеген ғылыми еңбектер, медиамәтіндердің жүйесінің деңгейін бағалауды (талдау) төменде көрсетілгендей жалпылайды.

Көркемдік даму, қабылдау мен бағалаудың деңгейлерінің жіктемелерін жалпылау

негізінде медиамадениеттің толыққанды дамуына қажетті, оның ішінде медиамәтіндерге қатысты қабылдау мен бағалаудың көрсеткіштерінің кестесі құрастырылды.

«Түсініктілік» (немесе «бейімделген») көрсеткішке келетін болсақ, онда, медиамәтіндерді қабылдау мен бағалауда, жанашырлық қабілеті, басқаның көзқарасына төзімділік дамыған деңгейі болмаса, онда, медиамадениет саласында аудиторияның толыққанды дамуы мүмкін емес. Бұл жағдайда, «медиабілім» күндерді, аты-жөнін, фактілерді өнерсіз жиынтыққа айналдырады, алайда ол медиаға қатысы болғанмен тек ақпарат беруші зияткерлік логикалық жаттығулар көзі ретінде қарастырылады.

Жоғарыда қарастырылған мәселелерді ескере отырып, біз, студенттердің медиатеchnологиялар арқылы креативтіліктерін қалыптастыруда шығармашылыққа бейімдеудің ықпалы зор екендігін анықтадық. Сондықтан, шығармашылық қабілеттерін ынталандыру

Медиамәтіндердің бағалау (таладу) деңгейлерінің классификациясы

№	Медиамәтіндерді бағалау деңгейлері	Медиамәтіндерді бағалау деңгейлерінің көрсеткіштері
1	Төмен деңгей	Медиа тілінің «сауатсыздығы». Тұрақсыздық, өз көзқарас-пікірінде шатасу, сыртқы әсерлерге ұшырау, мәтіндегі авторлар мен кейіпкерлердің позициясына интерпретацияның болмауы, шығарманың желісін қайта айтып беру.
2	Орташа деңгей	Медиамаәтіндегі фрагментіндегі білімге сүйене отырып кейіпкердің іс әрекетіне, психологиялық күйіне сипаттама бере білу, сюжеттегі оқыйға желісінің логикасын түсіндіру қабілеті, медиакейіпкердің жеке компоненттерін айта білу, авторлық интерпретацияның болмауы (немесе оны қарапайым түсіндіру).
3	Жоғары деңгей	Медиамаәтінді авторлық позиция тұрғысында терең білімге негізделген сенімді мазмұндау (интерпретациялау), шығарманың әлеуметтің маңыздылығын бағалау, эмоционалды қабылдауды түсініктілік пікірмен байланыстыра және оны медианың басқа жанры мен түрлеріне ауыстыра білу, медиамаәтіндердің атын бейнелі жалпылау ретінде түсіндіру. Бұл жағдайда, «интерпретацияны» медиа тілінде айтылған қабылдаушы тұлғаның хабарламасы ретінде анықтауға болады.

үшін: тікелей көркем шығармашылық іс-әрекетке, қабылдау, дыбыстық-бейнелерге интерпретация және талдауға, кеңістіктік-уақыттық құрылымын баяндауға, көркемдік білімді игеру үшін проблемалық; эвристикалық; ойын және оқытудың басқа да нәтижелі түрлері арқылы жүргізу әдістемесін қарастыратын бағдарламаның қысқаша үлгісін ұсынамыз. Мысалы.

Тәжірибелік сабақтар келесі бағытта жұмыс жүргізеді.

Ең біріншіден аудитория эвристикалық, ойын әдістері және медиақұралдар (бейнежазба, монитор, бейнекамера және т.б.) арқылы өзінің креативті іс-әрекетін мысалға ала отырып шығармашылық үрдіспен «кіріктірілген» медиамаәтіндермен (сценарий жоспарлары, бейнекамерамен жұмыс және т.б.) таныстырады.

Бұл шығармашылық тапсырма танымдық құндылықтан басқа, аудиторияның медиа қабылдауын дамытуға жанама түрде оң әсер етеді. Әрине, медиа қабылдау медиамаәтіндерді құру үрдісіне мүлдем ұқсамайды, өйткені кейде тіпті олардың авторларының өз-

дері де бейнелі жалпылауды жүзеге асыра алмайды (кейде интуитивті). Мысалы: экранда, сөздік-логикалық ойлау жүйесінде.

Медиа-маәтіндерді қалай құруға болатындығын білуге болады, бірақ оларды талдауды білмеуіміз мүмкін. Алайда, медиамаәтіндерді құру үдерісіне қосылуда (тіпті бастапқы деңгейде), сабақты тиімді өткізу үшін маманның құрастырған медиамаәтіндерін талқылау кезінде аудитория жанама түрде болса да өздерінің медиа қабылдауында дербес шығармашылық ойлауы мен мүмкіндіктерін дамытады.

Нәтижесінде, медиамаәтіндерді ұжымдық талқылауды, жеке сұхбаттарда және жазбаша жұмыстарда студенттер медиамаәдениеттің негізгі ұғымдарына еркін сүйенеді, өзара әрекеттеседі, шығарманың әр түрлі компоненттерінің тұтастығын тереңірек түсінеді, сахна, эпизодтардың мазмұнын вербалды түрде «қырағылықпен» қалпына келтіреді.

Тәжірибелік жаттығулардың кіріспе циклінен кейін медиа қабылдаудың дамуы байланыс және медиамаәтіндерді ұжымдық талқылау үдерісінде өтеді (нәтижесінде бұл, мысалы, аудиовизуалды бейненің синтети-

Кесте 3

Медиамадениет саласындағы аудиторияның толыққанды даму көрсеткіштерінің жіктелуі

№	Медиамадениет саласындағы аудиторияның көрсеткіштерінің дамуы	Осы көрсеткіштерді ұғындырудың жоғары (толық) деңгейі
1	«Түсініктілік» («бейімделген»)	Медиамадениеттің тарихын, теориясын және терминологиясын білу.
2	«Сенсорлық»	Медиамен жүйелі байланыста болу, сүйікті жанрлар мен тақырыпты т.б. таңдай білу.
3	«Мотивациялық»	Медиамен байланыстың жан-жақты мотивтері: эмоционалды, гносеологиялық, гедонистік, адамгершілік, эстетикалық, терапевтік және т.б.
4	«Бағалық»	«Кешенді сәйкестендіруге» жақын көркемдік қабылдау деңгейі, медиамадениеттің кеңістіктік-уақыт түрінде талдау және жинақтау қабілеті, шығарманың құрылымы контекстінде автордың тұжырымдамасын түсіну және бағалау.
55	«Креативтілік»	Медиамен байланысты іс-әрекеттің әр түрлі аспектілеріндегі айқын айтылған шығармашылық деңгей (перцептивті, ойындық, көркемдік, зерттеушілік және т.б.).

калық қасиеттерін түсінуге, медиамадениеттің әр түрлі типтері мен жанрларындағы оның кеңістіктік-уақыттық динамикасының ерекшеліктерін, медиа-мәтіннің эмоционалды-мағыналық маңызды сызықтық, ассоциативті, полифониялық (гр.*poliphonia* – көп дауыстылық) баяндау және т.б. элементтерінің арақатынасы).

Төменде берілген сабақтарда креативтілікке бағытталған тапсырмаларлы пайдалануға болады:

- кеңістіктік, уақыттық және кеңістіктік-уақыттық, көрермендік, медиа-материалды интеграциялауға негізделген дыбыстық және бейнелеу өнері, медиамадениет және өнердің әр түрлі салаларында білімдері мен дағдыларын арттыру (кескіндеме кенептерін «бейнелеу», мұражайлар туралы мысалы, фильмдер мен теледидар бағдарламалары негізінде суреттер, прозалық және поэтикалық мәтіннің «сюжеттік тақтасы» және т.б.);
- әр түрлі типтегі және жанрдағы медиамадениеттердегі баяндаудың жекелеген түрлерін анықтау және түсіндіру;
- медиабейнелердің көпқырлылығын композициялар, жоспарлар, бұрыштар,

ашық түсті шешімдер және т.б. арқылы ұғыну (медиамадениеттерді ұжымдық талқылау процесінде);

Жоғарыда аталған жүйенің негізгі мақсаты, білімгердің эстетикалық санасы, оның жеке дербес дамуы, сыни, шығармашылық ойлауы болып есептелінетін медиамадениет аймағындағы критерийлер:

- «сенсорлық» (тақырыптарды, жанрларды саналы түрде таңдау);
- «мотивациялық» (медиамадениеттермен байланысты эмоционалды, гедонистік, танымдық, эстетикалық және моральдық мотивтерінің ара-қатынасы);
- «креативтілікке» (әр түрлі қызметте шығармашылықтың болуы);
- «бағалау» (қабылдау «кешендік теңестіру» деңгейінде) – болып табылады.

Аудитория медиатеchnологиялар туралы қажетті теориялық базаларды практикада меңгергеннен кейін, медиамадениеттерді талдау дағдыларын қалыптастыруға арналған тақырыптар (мейлінше, ашық тұтастық заңдылықтарын анықтайтын, автордың көзқарасын және оған деген жеке көзқарасын түсінуге әрекет жасаған медиамадениеттер эпизодының мазмұнын қарастыру).

Медиабілім берудің қолданыстағы моделдері мен бағдарламалары оқу сабақтарына тек көрнекті шеберлердің медиамәтіндерін, яғни, күрделі полифониялық құрылымы бар шығармаларды таңдау керек деп есептейді.

Жоғарыда қарастырған мәселелерді ескере отырып тәжірибелік жаттығулардың үзіндісін ұсынамыз:

Тақырып «Аудиовизуалды медианы, экрандық өнерді көркем қабылдау проблемасы (әр түрлі типтегі жанрларды ескере отырып)».

I. Студенттердің аудиовизуалды медиа материалы бойынша эвристикалық, ойын әдістері мен техникалық құралдарды қолдана отырып, креативтілік дағдыларын игеруі.

1) әдеби-имитациялық шығармашылық тапсырмалар;

- медиамәтіннің түпнұсқа сценарийіне өтініш (фильм, телешоу, клип және т.б.);

- сценарий әзірлеу – «белгілі әдеби шығарманың эпизодын экрандау»;

- медиамәтіндік сценарий үшін эпизодтың өзіндік қосымшасынан сценарий әзірлеу;

- студенттердің практикада қолданған 3-5 минуттық экрандағы әрекетке арналған және қолдануға болатын шағын-сценарий бейнежазбалары;

- «режиссерлік сценарий» - жазылған шағын немесе эпизодтың сценарийін құрастыру.

2) театрландырған-ситуациялық шығармашылық тапсырмалар;

- «түсірілім алаңында» рөлдік ойын:

- а) режиссер - режиссердің сценарийі бойынша жалпы басшылық, «актерлерді», «тележүргізушілерді» таңдау, туындының жанрлық-стистикалық ерекшеліктерін ескере отырып, актерлік, кинематографиялық, дизайнерлік, дыбыстық-музыкалық, ашық түсті шешімдерді анықтау және т.б.

- ә) операторлық шеберлік (жоспарлар жүйесі, ракурстар, камера қозғалысы, кадрдың тереңдігін және т.б.

- б) жарық, дыбыстық техника, декоративті-көркемдік, актерлік, монтаждық және басқа да міндеттер, анимация.

- «дубляж-реңкі (тонирование) кезеңі» рөлдік ойын:

- а) эпизодты қайта дыбыстаудың әртүрлі нұсқаларын салыстыру - шуды жылдамдату және баяндату, дауыс, әуен, тембр, екпін т.б.

- ә) аудиторияға беймәлім бейне фрагментті әр түрлі «дубляжда» мазмұндау (дыбыстық фонограмманы өшіру) немесе шетел мәдениетінің экрандық өнерінің шығармасынан эпизод;

- б) әр түрлі дыбыстарды, шудың арнайы эффекттері (дыбыстарға еліктеу, дыбыстарды жөндеу және т.б.) меңгеру;

- рөлдік ойындар «ТВ жаңалықтары», «Репортаж» және т.б.

3) кескіндеме-имитациялық шығармашылық тапсырмалар;

- коллаждардың көмегімен жарнамалық афишаларды (Сіздің жасаған немесе экрандағы маманның жасаған) құрып, аяқтау;

- экран өнері тақырыптары бойынша суреттер мен коллаждар;

- экрандық өнер туындылары негізінде салынған комикстер.

II. Аудиовизуалды медиамәтіндерді қабылдау.

1. Аудиовизуалды динамиканы жадында қалпына келтіру бойынша шығармашылық тапсырмалар.

1) Ұжымдық талқылау үдерісіндегі аудиовизуалды медиамәтіндердің шарықтау эпизодтарындағы кеңістіктік-уақыттық есте сақтау динамикасының тапсырмаларын қайтадан қалпына келтіру.

1) Әдеби-имитациялық шығармашылық тапсырмалар:

- белгілі бір медиамәтінді қабылдаудың жақсы (нашар) негізгі белгілеріне сипаттама;

- жақсы (нашар)

- объективті (көру кезіндегі жағдай және т.б.) және субъективті (көңіл-күй, жеке психофизиологиялық мәліметтер және т.б.) аудиовизуалды медиа мәтінді қабылдау шарттары;

- медиамәтін кейіпкерінің атынан, оның сипаттамаларының ерекшеліктерін, лексикасын және т.б. сақтай отырып әңгіме құрастыру (сәйкестендіру, өз басынан кешіру);

- медиамәтіннің кейіпкерін басқа жағдаятқа ауыстыру (жанрдың атын, уақытын, телехабардың немесе фильмнің іс-әрекет орнын,

олардың құрылымын өзгерту: басталуын, шарттау шегін, аяқталуын, эпилогын т.б.; жасын, жынысын, кейіпкердің ұлтын т.б.);

- медиамәтінде сөз болған жансыз заттардың бірінің атынан әңгіме құрастыру; - жоғарыдағы немесе басқа медиамәтіндермен байланысты прозалық, поэтикалық, театрландырылған, кескіндемелік, әуенмен байланысты шығармаларды іріктеу; таңдауыңызды негіздеңіз;

- әр түрлі жастағы және әлеуметтік, кәсіби, білімдік сонымен қатар басқа да мағлұматтары бар көркем қабылдау деңгейлері әрқалай («бастапқы сәйкестендіру», «қайталама сәйкестендіру», «кешенді сәйкестендіру», медиамәдениеттің ойын-сауық, демалыс (рекреация), (дыбыстық) компенсаторлық және басқа да функцияларын ескере отырып) көрермендердің монологтарын (газет-журналдардың редакциясына, теледидар мен киностудияға хаттар және т.б.) құрастыру;

- «эмоционалды маятник» (көрермендердің жағымды (қуанышты) және жағымсыз (естен тану) эмоциялар тудыратын эпизодтардың кезектесуі) механизмнің мәнін ашу (нақты медиамәтіннің жаппай (танымал) мәдениет мысалында);

- аудиторияда соңғы жылдары ең танымал болған медиамәтіндердің (фильмдер, компьютерлік ойындар, телехабарлар және т.б.) жетістіктерінің (мифке, фольклорға, жанрдың әсерлілігіне, «эмоционалды өзгерістер» жүйесіне, ойын-сауық, демалыс, дыбыстық және басқа да экран өнерінің болуы, бақытты аяқталуы, авторлық интуиция және т.б.) себептеріне негіздеме;

- жарнамалық аннотациялар(жарнамалық басылымдар, тележарнамалар) бойынша медиамәтіндердің жаппай жетістіктеріне болжау жасау;

2) Театрландырылған жағдайдағы шығармашылық тапсырмалар.

- «қабылдауға қатынас» рөлдік ойын («мұғалім» және «студенттер», «киноклубтың жүргізушісі» және «аудитория» және т.б.);

- көркемдіктің объективті және субъективті шарттары тақырыбында театрлық зерттеу медиамәтіндердің шығармаларын қабылдау, қабылдаудың әр түрлі деңгейлері және т.б.

Тақырып: Аудиовизуалды медиамәтіндерді талдау.

1. Медиамәтіндердің эпизодтарының мазмұнын анықтау және қарастыру.

2. Автордың ойлау логикасын талдау: қақтығыстарды, кейіпкерлерді, идеяларды дамытуда, кеңістік-уақыт және аудиовизуалды серияларды, монтаждау және т.б.

3. Автордың тұжырымдамасын анықтау және медиамәтін жасаушылардың белгілі бір позициясына жеке қатынасын негіздеу

Соның ішінде, эвристикалық тәсіл: автордың ойлау логикасын ақиқат және жалған түсіндіру медиамәтіннің белгілі бір эпизодының материалы; авторлық тұжырымдаманың дұрыс және бұрыс нұсқалары және т.б.

4. Әдеби-имитациялық шығармашылық тапсырмалар:

- жарнамалық роликтерге аннотация және сценарийлер (немесе жарнамаға қарсы);

- кейбір медиамәтіндердің көркемдік сапасын жақсарту нұсқалары (басқа актерлерді таңдау, сюжеттегі өзгерістер және т.б.).

5. Театрландырылған-жағдаяттық шығармашылық тапсырмалар:

- медиамәтіннің «авторларымен» баспасөз-конференция тақырыбында рөлдік ойын;

- «медиамәтіннің шетел авторларымен» интервью жүргізу тақырыбында рөлдік ойын;

- «медиа сыншылардың халықаралық кездесуі» атты тақырыбында рөлдік ойын;

- медиамәтіндегі жағымсыз кейіпкердің қылмысын «тексеруді» қарастыратын «заң» рөлдік ойыны. Медиамәтіннің авторларына «сот» жүргізу (бюрократтардың қудалауы, цензура т.б.);

- «қабылдауға нұсқама» рөлдік ойын («оқытушы» және «студент», «жүргізуші және аудитория» және т.б.);

- медиамәтіндерді көркемдік шығармашылық жағдайында объективті және субъективті қабылдау тақырыбына театрланған этюд, қабылдаудың әр түрлі деңгейлері;

- масс медианың жарнамалық компаниясы тақырыбына театрланған этюд (прессада, радиода, телеарнада және т.б.);

6. Медиамәтіндерді ұжыммен талдау және реценциялау проблемасы (фильмдер,

телешоулар, клиптер, компьютерлік ойындар, интернет-сайттар және т.б.)

- мамандардың рецензиялары, мақалаларын, оқулықтарын салыстыру және талқылау;
- медиамәдениеттің проблемасына арналған рефераттар дайындау;
- медиамәдениетті ұжыммен ауызша талқылау;
- медиамәдениетті жазбаша рецензиялау.

Тақырып «Студенттерді экрандық өнер негізінде медиабілім беру өнеріне дайындау».

1. Әдеби-имитациялық шығармашылық тапсырмалар:

- медиамәтіндер материалдары негізінде студенттерге жоспар-қысқаша жазба туралы әңгімелер;
- студенттер аудиториясында медиамәтіндерді ұжыммен көруге арналған кіріспе сөздің қысқаша жазбасы;
- студенттерге арналған сұрамақ (викторина), сайыс (медиадениет материалдары негізінде);
- студенттердің медиабілім проблемасы бойынша курстық және диплом жұмыстарының жоспарының негіздемесі.

2. Театрландырылған жағдайлық шығармашылық тапсырмалар:

- медиамәтіндер негізінде студенттермен «Сабақ», «Студенттермен әңгіме» атты рөлдік ойындар;
- медиамәтіндер негізінде студенттер кештерін жүргізу тақырыбының театрланған нұсқасы.

Қорытынды.

Зерттеушілердің пікірі бойынша, тұтас педагогикалық үдерістің тиімділігін арттыру үшін оның тұлғаға бағыттылық принципіне сәйкестендіру. Осылайша, медиатеchnологияларды пайдалана отырып, болашақ маманның креативтілік қабілеттерінің көрсеткіштерін дамыту. Бұл, оқыту функцияларының одан әрі жедел дамуына негіз бола отырып, медиатеchnологияларды пайдаланудың тиімділігін жетілдіреді.

Нәтижесінде, жоғарыда аталған іс шаралардың барлық циклі тұлғалық бағдарланған болуы керек, соның ішінде, «түсініктілік» принципіне (медиадениет теориясы бойынша білім) жауап беретін: дара ерекшеліктері, аудиторияның шығармашылық ойлауы), «сенсорлық» (бұқаралық ақпарат құралдарымен мақсатты түрде байланыс орнату, жанрлық және тақырыптық репертуарлардан хабардар болу); «мотивациялық» (эмоционалды, танымдық, адамгершілік, медиамен эстетикалық түрде байланыс орнату); «бағалау» (аудиовизуалды ойлау қабілет тұрғысынан, медиабаяндаудың кеңістік-уақыттық түрін талдау және синтездеу, оның авторы мен кейіпкерін «сәйкестендіру», автордың тұжырымдамасын дыбыстық-бейнелік құрылым аясында түсіну және бағалау); «креативтілік» (іс-әрекеттің әр түрлі аспектілерінің бастауында шығармашылық, көркемділік таныту) көрсеткіштері. Кешенді жаттығу сабақтарының нәтижесінде, аудиторияның бір бөлігі медиамәтіндерді қабылдаудың «бастапқы» және «екінші» деңгейлерінен кейін оның көрсеткіші болып есептелетін медиамәтін шығармаларының авторлары тарапынан ұқсас қабілеттерінің «кешенді сәйкестендірудің» (идентификацияның) жоғары деңгейіне шығады.

Сонымен қатар, аудиторияда медиамәдениет саласында дамудың негізгі көрсеткіштері жақсаруы қажет. Атап айтқанда, эмоционалды қатысу (медиамаңдайындағы шығарманың толық сипаттамасы негізінде бейсаналық, ішкі себептермен жүзеге асырылады); пікірлердегі эмоционалды белсенділік (мұғалімнің көмегімен медиа әсерді формальды пайымдаулардан гөрі анағұрлым жарқын, бейнелі, жеке көзқарасын білдіру); бейнелі ойлаудың дамуы (қабылдау бейнелері мен көркем бейнелерді стихиялық пен интуитивтіден саналы түрде өңдеуге сүйенеді); медиамәтіннің жартысын талдай білу (сыни бағалауға кіретін компоненттердің үзіндісін медиамәдениет туындыларының динамикалық көркем образдарының дыбыстық-визуалды, кеңістіктік-уақыттық құрылымын толыққанды, тұтас талдау).

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-әуқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: «Білім», 1998. - 96 б.
2. Бекова С.М., Якупова Р.И., Тастанбекова Г.Н. Ақпараттық мәдениет негіздері. Оқу құралы– Алматы, «Бастау баспасы», 2011.
3. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Оқулық. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. - Алматы, 2014.
4. Богоявленская Д.Б. Интеллектуальная активность как психологический аспект изучения // Исследование проблем психологии творчества. – Москва, 1983.
5. Федоров А.В. Медиаобразование будущих педагогов. – Таганрог: Изд-во Ю.Д.Кучмы, 2005.
6. Новикова А.А. Теория и история развития медиаобразования США (1960-2000): автореф. дисс... канд.пед.наук. – Таганрог, 2000.
7. Засурский Я.Н. Российский модуль медиаобразования: концепции, принципы, модели // Информационное общество. - 2003. – №3. – С. 5-10.
8. Мурюкина Е.В. Медиаобразование старшеклассников на материале прессы. - Таганрог: Изд-во Ю.Д.Кучмы, 2006.
9. Змановская Н.В. Формирование медиаобразованности будущих учителей: автореф. дисс. на соиск.учен.степ.канд.пед.наук. – Красноярск, 2004.
10. Пензин С.Н. Университет и формирование медиакультуры. – Москва, МАКС Пресс, 2003.
11. Masterman L. Teaching the Media. – London: Comedia Publishing Group, 1985.
12. Buckingham D. Media Education: Literacy, Learning and Contemporary Culture. – Cambridge, 2003.
13. Carlsson U. What is Media and Information Literacy? The International Clearinghouse on Children, Youth and Media. – Nordicom, 2006.
14. Сейітқазы П.Б. Болашақ мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайындаудың ғылыми-теориялық негіздері: п.ғ.д.дисс.авторефераты. - Астана, 2009.
15. Мәлібекова М.С. Студенттердің кәсіптік ақпараттық бағыттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері: п.ғ.д.дисс.авторефераты. – Қарағанды, 2004.
16. Сыдықов Б.Д. Болашақ мұғалімдерді ақпараттық-компьютерлік және математикалық модельдеу негізінде кәсіби дайындау жүйесі: п.ғ.д. дисс.авторефераты. – Түркістан, 2010.
17. Саржанова Ф.Б. Ашық білім беру кеңістігінде студенттердің ақпараттық технологияларды пайдаланудың ғылыми-педагогикалық негіздері: философия докторы (PhD) диссертация. – Астана, 2016.
18. Ташетов А.А. Болашақ педагог-психологтардың сыни ойлауын дамытуда медиа-ресурстарды пайдаланудың ғылыми-тәжірибелік негіздері: философия докторы (PhD) диссертация. – Астана, 2017.
19. Абдиркенова А.К. Жоғары оқу орындарындағы медиабілім мазмұнын дайындаудың ғылыми негіздері: философия докторы (PhD) диссертация. – Нұр-Сұлтан, 2020.
20. Усов Ю.Н. Кинообразование как средство эстетического воспитания и художественного развития школьников: диссертация доктора педагогических наук. – Москва, 1989.
21. Ямпольский М.В. Полемиические заметки об эстетике массового фильма // Стенограмма заседания «круглого стола» киноведелов и кинокритиков «современность и задачи сов.киноискусства». – М.: Изд-во Союза кинематографистов, 1987.
22. Таубаева Ш. Педагогика әдіснамасы: оқу құралы. – Алматы, 2016.
23. Хиллиард Л.Р. Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу. –Ұлттық аударма бюросы. - Алматы, 2020.
24. Романовский И.И. Масс-медиа. Словарь терминов и понятий. – Москва: Изд-во Союза журналистов России, 2004.
25. Пек Ли Энн, Гай С.Рил. Медиаэтика. Жас мамандардың тәжірибесінен. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.

References

1. Nazarbaev N.A. Kazakstan-2030. Barlyk kazakstandyktardyn osip-orkendeui, kauipsizdigi zhane alaukatynyn artuy. El Prezidentinin Kazakstan halkyna Zholdaui [Kazakhstan-2030. Prosperity, security and

evergrowing welfare of all the kazakhstanis. Address of the President to the people of Kazakhstan] (Bilim, Almaty, 1998).

2. Bekova S.M., Yakupova R.I., Tastanbekova G.N. Akparattyk madeniet negizderi [Basics of information culture]. Textbook (Bastau baspasy, Almaty, 2011).

3. Boribekova F.B., Zhanatbekova N.Zh. Kazirgi zamangy pedagogikalyk tehnologijalar [Modern pedagogical technologies]. Textbook (Almaty, 2014).

4. Bogojavlenskaja D.B. Intellektual'naja aktivnost' kak psihologicheskij aspekt izuchenija [Intellectual activity as a psychological aspect of study. Study of the problems of the psychology of creativity] (Moscow, 1983).

5. Fedorov A.V. Mediaobrazovanie budushhih pedagogov [Media education of future teachers] (Izd-vo Ju. D. Kuchmy, Taganrog, 2005).

6. Novikova A.A. Teoriya i istoriya razvitiya mediaobrazovaniya SSHA (1960-2000) [Theory and history of the development of media education in the USA (1960-2000)] Abstract of the dissertation for the degree of candidate of pedagogical sciences. (Taganrog, 2000).

7. Zasursky Ja.N. Rossijskij modul' mediaobrazovaniya: koncepcii, principy, modeli [Russian module of media education: concepts, principles, models], Informacionnoe obshchestvo [Information Society], 3, 5-10 (2003).

8. Murjukina E.V. Mediaobrazovanie starsheklassnikov na materiale pressy [Media education of high school students on the basis of the press.] (Izd-vo Ju. D. Kuchmy, Taganrog, 2006).

9. Zmanovskaya N.V. Formirovanie media-obrazovannosti budushhih uchitelej [Formation of media education of future teachers]. Abstract of the dissertation for the degree of candidate of pedagogical sciences (Krasnoyarsk, 2004).

10. Penzin S.N. Universitet i formirovanie mediakul'tury [University and the formation of media culture] (MAKS Press, Moscow, 2003).

11. Masterman L. Teaching the Media. – London: Comedia Publishing Group, 1985.

12. Buckingham D. Media Education: Literacy, Learning and Contemporary Culture. – Cambridge, 2003.

13. Carlsson U. What is Media and Information Literacy? The International Clearinghouse on Children, Youth and Media. – Nordicom, 2006.

14. Sejtikazy P.B. Bolashak mygalimderdi BAK arkyly tarbie yrdisine dajyndaudyn gylimi-teorijalyk negizderi [Scientific and theoretical bases of preparation of future teachers for the educational process through the media]. Abstract of the dissertation for the degree of doctor of pedagogical sciences (Astana, 2009).

15. Malibekova M.S. Studentterdin kasiptik akparattyk bagyttylygyn kalyptastyrudyn pedagogikalyk negizderi [Pedagogical bases of formation of professional information orientation of students]. Abstract of the dissertation for the degree of doctor of pedagogical sciences (Karagandy, 2004).

16. Sydykov B.D. Bolashak mygalimderdi akparattyk-komp'yuterlik zhane matematikalyk model'deu negizinde kasibi dajyndau zhyjesi [The system of professional training of future teachers on the basis of computer and mathematical modeling]. Abstract of the dissertation for the degree of doctor of pedagogical sciences (Turkistan, 2010).

17. Sarzhanova G.B. Ashyk bilim beru kenistiginde studentterdin akparattyk tehnologijalardy pajdalanudyn gylimi-pedagogikalyk negizderi [Scientific and pedagogical bases of students' use of information technologies in the open educational space]. Doctor of philosophy (PhD) dissertation (Astana, 2016).

18. Tashetov A.A. Bolashak pedagog-psihologtardyn syni ojlauyn damytuda media-resurstardy pajdalanudyn gylimi-tazhiribelik negizderi [Scientific and practical basis for the use of media resources in the development of critical thinking of future teachers and psychologists] Doctor of philosophy (PhD) dissertation (Astana, 2017).

19. Abdirkenova A.K. Zhogary oku oryndaryndagy mediabilim mazmynyn dajyndaudyn gylimi negizderi [Scientific basis for the development of the content of media education in higher education]. Doctor of philosophy (PhD) dissertation (Nur-Sultan, 2020).

20. Usov Ju.N. Kinoobrazovanie kak sredstvo jesteticheskogo vospitaniya i hudozhestvennogo razvitiya shkol'nikov [Film education as a means of aesthetic education and artistic development of schoolchildren]. Abstract of the dissertation for the degree of doctor of pedagogical sciences (Moscow, 1989).

21. Jampol'skiy M.V. Polemicheskie zametki ob jestetike massovogo fil'ma [Polemical Notes on the Aesthetics of the Mass Film], Stenogramma zasedaniya «kruglogo stola» kinovedov i kinokritikov «sovremennost' i zadachi sov.kinoiskusstva» [Transcript of the meeting of the «round table» of film critics and film critics «modernity and the tasks of Soviet cinema art.»] (Publishing House of the Union of Cinematographers, Moscow, 1987).
22. Taubaeva Sh. Pedagogika adisnamasy [Methodology of pedagogy]. Textbook (Almaty, 2016).
23. Hilliard L.R. Televizija, radio zhane zhana mediaga matin zhazu [Writing for television, radio and new media] (Almaty, 2020).
24. Romanovsky I.I. Mass-media [Mass media] Dictionary of terms and concepts. (Publishing House of the Union of Journalists of Russia, Moscow, 2004).
25. Pek Li Jenn, Gaj S.Ril. Media jetika. Zhas mamandardyn tazhiribesinen [Media ethics. From the experience of young professionals (National Translation Bureau, Almaty, 2018).

M.T. Koshanova¹, L.N. Naviy², Zh. Koshanova³

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

²Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan

³North Kazakhstan State University named after M. Kozybaev, Petropavlovsk, Kazakhstan

Features of the use of media technologies in the formation of students' creativity

Abstract. The article deals with the formation of students' creativity through the use of media resources in improving the quality of the educational process. The research work involves the identification of opportunities for the creativity formation of the future specialist of the psychological and pedagogical direction on the basis of problematic, structural levels of media education in the process of media perception. This question allows differentiating the data on the close relationship of media culture with the ratio of professionalism in the educational process: emotionality, intelligence, creativity through independent creative activity, worldview, aesthetic consciousness using the knowledge acquired in the process of studying traditional disciplines, and its improvement.

The article considers the problem of implementing innovative educational technologies using media technologies in the university for the professional training of educational psychologists. In addition, specific ways of identifying the factors of using media-subject functions are proposed: therapeutic, compensatory, recreational, aesthetic, cognitive, informational, communicative, moral, and social.

Keywords: media education, media perception, media reality, media technology, perception in the field of media culture, works of media culture, perception and evaluation of media texts, creative abilities of students.

М.Т. Кошанова¹, Л.Н. Навий², Ж.Т. Кошанова³

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

²Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан

³Северо-Казахстанский государственный университет имени М.Козыбаева, Петропавловск, Казахстан

Особенности использования медиатехнологий в формировании креативности студентов

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы формирования креативности студентов посредством использования медиаресурсов в улучшении качества учебно-воспитательного процесса. Исследовательская работа предполагает выявление возможностей формирования креативности будущего специалиста психолого-педагогического направления на основе проблемных, структурных уровней медиаобразования в процессе медиавосприятия. Данный вопрос позволяет дифференцировать данные о тесной связи медиакультуры с соотношением профессионализма в образовательном процессе: эмоциональности, интеллекта, креативности через самостоятельную творческую деятельность, мировоззрения, эстетического сознания с использованием знаний, усвоенных в процессе изучения традиционных дисциплин, и его совершенствования.

В статье изучается проблема реализации инновационных образовательных технологий с использованием медиатеchnологий в стенах университета для профессиональной подготовки педагогов-психологов. Кроме того, предложены конкретные пути выявления факторов использования медиапредметных функций: терапевтической, компенсаторной, рекреационной, эстетической, когнитивной (познавательной), информационной, коммуникативной, нравственной, социальной.

Ключевые слова: медиаобразование, медиавосприятие, медиареальность, медиатеchnология, восприятие в области медиакультуры, произведения медиакультуры, восприятие и оценка медиатекстов, креативные способности студентов.

Авторлар туралы мәлімет:

Қошанова М.Т. – корреспонденция үшін автор, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Навий Л.Н. – п.ғ.к., Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің педагогика, психология және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры, Көкшетау, Қазақстан.

Қошанова Ж.Т. – ф. ғ.к., М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің практикалық қазақ тілі кафедрасының доценті, Петропавл, Қазақстан.

Koshanova M.T. – Corresponding author, Ph.D. student, Department of Social Pedagogy and Self-knowledge, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Naviy L.N. – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Department of Pedagogy, Psychology and Social Work, Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan.

Koshanova Zh.T. – Candidate of Philology, Associate Professor, Department of Practical Kazakh Language, North Kazakhstan State University named after M. Kozybaev, Petropavlovsk, Kazakhstan.